

## Президенттік жаңа жыл шыршатойын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1408

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығын мерекелеу шеңберінде Астана қаласында 2001 жылғы 23-26 желтоқсанда көп балалы отбасылар, балалар үйлерінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан белсенді және дарынды балаларға арналған Президенттік жаңа жыл шыршатойы өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі көп балалы отбасылар, балалар үйлерінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілер және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан жасы 9-дан 13-ке дейінгі белсенді және дарынды балаларды қосымшаға сәйкес санда Президенттік жаңа жыл шыршатойына жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдеріне алып жүрушілердің іссапар шығыстарын, бару-қайту жолақысын төлеуді және балаларды жолда тамақтандыруды тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

5. Президенттік жаңа жыл шыршатойын өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыру, оларды орындауға жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалар әкімшілеріне 2001 жылға арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2001 жылғы 6 қарашадағы  
N 1408 қаулысымен  
бекітілген

Президенттік жаңа жыл шыршайын дайындау және өткізу жөніндегі  
ұйымдастыру комитетінің  
құрамы

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Білім  
және ғылым министрі, төраға

Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Қаржы  
вице-министрі, төрағаның орынбасары

Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы - Астана қаласының әкімі,  
төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика  
және сауда министрі

Жақыпов Қабиболла Қабенұлы - Қазақстан Республикасының Көлік  
және коммуникациялар бірінші  
вице-министрі

Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім бірінші вице-министрі

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі  
істер вице-министрі

Рақымжанов Әмірхан Мұратбекұлы - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Кеңсесінің  
Әлеуметтік - мәдени даму бөлімі  
меңгерушісінің орынбасары

Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

Жұмабекова Рысты Мағауияқызы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім департаментінің директоры

Бекболат Тілеухан - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы

Исахов Орынбасар Исахұлы - "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясының вице-президенті (келісім бойынша)

Сәдуақасов Хәкім Жақиұлы - Астана қаласы Білім департаментінің бастығы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 6 қарашадағы  
N 1408 қаулысымен  
бекітілген

Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары

-----  
N !    Іс-шаралар            !Орындалу мерзімі!            Жауаптылар  
-----

1. Президенттік жаңа жыл шыршатойына қатысушы бала.    11 желтоқсанға    Қазақстан Республикасының шыршатойына қатысушы бала.    дейін    Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
2. Көліктің түрін анықтау және    4 желтоқсанға    Облыстар мен Астана, Қазақстан Республикасының    дейін    Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Білім және ғылым министр.

лігіне балалардың келу және қайту кестесін жіберу

Республикасының Білім және ғылым министрлігі

3. Балалар мен оларды алып жүрушілерді жөнелтуді, олардың екі жаққа жол жүру және жолда тамақтану ақысын төлеуді, сондай-ақ қайтып келгенде қарсы алуды қамтамасыз ету

20-26 желтоқсан Облыстар мен Астана, Алматы қалаларының әкімдері
4. Балалар мен оларды алып жүрушілердің жол жүруін арнайы жабдықталған вагондармен қамтамасыз ету, тұратын жерінен Астана қаласына дейін және қайта жеткізу схемасын әзірлеу

15 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде және оның жергілікті жерлердегі ведомстволық бағынысты ұйымдарында балаларды тасымалдауды ұйымдастыратын үйлестірушілерді тағайындау, олардың байланыс телефондарының нөмірлерін барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволарға және олардың құрылымдық бөлімшелеріне хабарлау

1 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
6. Балаларды тұратын жерлерінен Астана қаласына дейін және қайтар жолда ішкі істер және денсаулық сақтау органдары қызметкерлерінің темір жол

20-26 желтоқсан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

көлігімен алып жүруін  
ұйымдастыру

7. Балалар тұратын және іс-шаралар өтетін орындарда қоғамдық тәртіптің сақталуын және олардың Астана қаласында жүрген кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін қамтамасыз ету 20-26 желтоқсан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
8. Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындау және өткізу үшін сыйлықтарды, кәдесыйларды және қажетті материалдарды сатып алуға жәрдемдесу 10 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
9. Балалар үшін сыйлықтар сатып алу және жинақтау 10 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі
10. Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындауға және өткізуге Астана қаласының мәдениет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуын қамтамасыз ету желтоқсан Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Астана қаласының әкімі
11. Президенттік жаңа жыл шыршатойын дайындау және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету желтоқсан Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
12. Президенттік жаңа жыл шыршатойын теледидарға 23 желтоқсан "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық

түсіруді ұйымдастыру корпорациясы (келісім бойынша)

13. Президенттік жаңа жыл желтоқсан "Қазақстан теледидары және шыршатойын өткізуге дайындық радиосы" республикалық барысында қажетті фонограм. корпорациясы (келісім маларды жазуға жәрдемдесу бойынша)
14. Президенттік жаңа жыл 21-25 желтоқсан Астана қаласының әкімі шыршатойына қатысушыларды қарсы алуды, орналастыруды, тамақтандыруды, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар өткізуді, шығарып салуды қамтамасыз ету
15. Президенттік жаңа жыл 20 желтоқсанға Астана қаласының әкімі шыршатойы өтетін жерді, дейін оны орнатуды, сондай-ақ Астана қаласының тиісті көшелерін безендіруді қамтамасыз ету
16. Президенттік жаңа жыл 1 желтоқсанға Қазақстан Республикасының шыршатойын өткізу сценарийін дейін Білім және ғылым әзірлеу министрлігі, Астана қаласының әкімі
17. Балалардың Астана қаласында 11 желтоқсанға Қазақстан Республикасының болуының күнтізбелік жоспары дейін Білім және ғылым мен бағдарламасын жасау министрлігі, Астана қаласының әкімі
18. Шақыру билеттерін, бағдарлама. 10 желтоқсанға Қазақстан Республикасының ларды, рұқсат қағаздарды, дейін Білім және ғылым бәйдждерді және басқа да баспа министрлігі, Астана өнімдерін дайындауды қаласының әкімі қамтамасыз ету
19. Сценарийге сәйкес артистерге 15 желтоқсанға Қазақстан Республикасының

костюмдер дайындауды  
қамтамасыз ету

дейін Білім және ғылым  
министрлігі, Астана  
қаласының әкімі

20. Мереке өтетін жерлерді 20 желтоқсанға Астана қаласының әкімі  
әшекеймен, жарықпен, дыбыспен дейін  
және музыкамен көркемдеуді  
қамтамасыз ету
21. Жаңа жылдық торт дайындауды, 23 желтоқсан Астана қаласының әкімі  
қатысушыларға арналған тәтті  
дастархан ұйымдастыруды  
қамтамасыз ету
22. Президенттік жаңа жыл 15-25 желтоқсан Қазақстан Республикасының  
шыршатойына қатысушы Денсаулық сақтау  
балаларға тұратын жерлерінде министрлігі, Астана  
және Астана қаласында кешенді қаласының әкімі  
медициналық байқауды  
қамтамасыз ету, балалардың  
орналасқан және іс-шаралар  
өтетін жерлерде медицина  
қызметкерлерінің тәуліктік  
кезекшілігін ұйымдастыру
23. Президенттік жаңа жыл 15 желтоқсанға Қазақстан Республикасы  
шыршатойын дайындаудың және дейін Президентінің Баспасөз  
өткізудің барысын жария ететін қызметі  
бұқаралық ақпарат құралдары (келісім бойынша)  
қызметкерлерінің тізімін  
анықтау
- 

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 6 қарашадағы  
N 1408 қаулысына  
қосымша

Президенттік жаңа жыл шыршатойына  
қатысушылардың сандық құрамы

Барлық қатысушы - 235  
оның ішінде:  
балалар - 200  
алып келушілер - 35

---

Облыстардың, қалалар ! Балалардың ! Алып келушілердің, ! Барлық қатысушы  
мен ұйымдардың ! саны !оның ішінде медицина!  
атаулары ! ! қызметкерлерінің !  
! ! саны !

---

Ақмола	10	2	12
Ақтөбе	10	2	12
Алматы	15	2	17
Атырау	10	2	12
Шығыс Қазақстан	15	2	17
Жамбыл	15	2	17
Батыс Қазақстан	10	2	12
Қарағанды	10	2	12
Қызылорда	10	2	12
Қостанай	15	2	17
Маңғыстау	10	2	12
Павлодар	10	2	12
Солтүстік Қазақстан	10	2	12
Оңтүстік Қазақстан	20	3	23
Астана	10	2	12
Алматы	10	2	12
Республикалық ұйымдар	10	2	12
Барлығы	200	35	235

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК